

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 ақпан N 235

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1999 жылғы 22 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім *

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 2, 18-құжат)

(2000 жылғы 31 наурызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 92 бет)

(Келісім 2000 жылғы 31 наурызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 4, 22-құжат)

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталып, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың тарихи қалыптасқанын ескере келе,

ғылыми және мәдени ынтымақтастық пен қарым-қатынастар халықтар арасындағы өзара түсіністікті арттыруға көмектеседі, сондай-ақ, мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайтуға әсер етеді деген сеніммен,

ғылым, әдебиет және өнер туындыларын пайдалану арқылы мәдени құндылықтармен өзара алмасу саласын одан әрі кеңейтуді мақсат ете отырып,

ұлттық мәдени әлеуеттілікті қалыптастыруда, халықаралық мәдени алмасуда, сондай-ақ, тең құқылы мемлекетаралық сауда экономикалық және ғылыми техникалық қатынастарды дамытуда авторлық құқық және сабақтас құқықтардың қазіргі тандағы ролін ескеріп,

осы мақсатта авторлар мен сабақтас құқықтар иелерінің құқығын қорғау үшін өзара тиімді жағдай туғызу қажеттігін сезініп,

1952 жылғы 6 қыркүйектегі авторлық құқық жөніндегі Дүниежүзілік Конвенцияның және 1993 жылғы 24 қыркүйектегі, екі Тарапта осыған қатысушы болып табылатын, авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісімнің ережелерін ескере отырып

Төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптардың әрқайсысы өзге Тараптың жеке заңды тұлғаларына және олардың заңды мұрагерлеріне тиісті туындылар мен сабақтас құқық нысандарына қатысты, олардың алғашқы жарияланған орнына қарамастан, авторлық құқық пен сабақтас құқықтарын мойындайды және осы құқықтардың қорғалуын ішкі заңдар арқылы өзінің жеке және заңды тұлғалары үшін жасалған негізде, сондай құқық қорғау тәсілдерімен, сол негізде және сол көлемде қамтамасыз етеді.

2-бап

Тараптар ғылым, әдебиет және өнер туындыларын пайдалану және қорғау құқығы саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады және өзара тиімділік пен теңдік негізінде осы Келісімге және өздері қатысушы болған немесе болатын басқа халықаралық келісім-шарттарға сәйкес дамытады.

3-бап

Тараптар өз аумағында екінші Тараптың азаматтары мен заңды тұлғалары жасаған ғылым, әдебиет және өнер туындыларын пайдалануын қоштайды.

4-бап

Тараптардың ынтымақтастығы:

авторлық құқық пен сабақтас құқық нысандарын пайдалану және қорғаумен байланысты мәселелерді реттеуге;

ақпарат, нормативтік және басқа да құжаттармен, сондай-ақ авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы мамандармен және жұмыс тәжірибесімен алмасуға бағытталады.

5-бап

Тараптар 1973 жылғы 27 мамырға дейін құрылған (авторлық құқық туралы Дүниежүзілік Конвенциясына бұрынғы КСРО-ның қосылу мерзімі) екінші Тараптың азаматтарының жасаған туындыларына немесе туындыларға иелік құқықтарына, егер осы мерзімге дейін Тараптардың аумағында немесе басқа аумақтарда жарық көрмеген жағдайда, оларға қатысты 1952 жылғы 6 қыркүйекте қабылданған авторлық құқық туралы Дүниежүзілік Конвенциясын қолданады.

Ал, егер бұндай туындылар Келісім күшіне енгенше екінші Тараптың аумағында қорғалмайтын туынды ретінде жарық көрген болса, олар бұл Келісім күшіне енгеннен кейін де көрсетілген аумақтарда қорғалмайтын болып есептеледі. Бұл арада жарық көру түсінігіне 1952 жылғы 6 қыркүйекте қабылданған авторлық құқық туралы Дүниежүзілік Конвенцияның YI бабына сәйкес айқындама беріледі.

6-бап

Бесінші бапта көрсетілген туындылар авторлық құқық қорғау мерзім бітпеген жағдайда да, олардың пайдалануы осы Келісім күшіне енгеннен кейін де бұл Келісімнің құзырында болады.

7-бап

1993 жылы 24 қыркүйекте Москва қаласында қол қойылған авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге сәйкес Тараптар бұдан былай да авторлық құқықтарды қорғауды, әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн Конвенциясы, фонограмма өндірушілерін, олардың фонограммаларын рұқсатсыз қайта шығарудан қорғау туралы Женева Конвенциясы, әртіс орындаушылардың, фонограмма өндірушілерінің, теле-, радиохабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы Рим Конвенциясының талаптары деңгейінде қамтамасыз ететін заңдарды қабылдау қажеттігін растайды.

8-бап

Осы Келісімнің 5 бабын қолданумен байланысты барлық төлемдер мен есептеулер Тараптардың әрқайсысының күші бар заңдарына сәйкес еркін айналыстағы валюта арқылы іске асырылады, бірақ, тиісті құқық иесінің тілегі бойынша төлемдер мен есептеулер төлем жасап отырған Келісімге қатысушы Тараптың ұлттық валютасында да жасалуы мүмкін.

9-бап

Тараптар бірін бірі осы Келісімді нақты қолдану үшін маңызы бар, өз мемлекеттерінің заңдары мен басқа нормативтік актілері туралы хабардар етіп отырады.

10-бап

Авторлық құқықтардың пайда болуы, маңызы мен тоқтатылуы, олардың қолданылуы, немесе бұзылуы қай Тараптың аумағында орын алған жағдайда сол елдің заңдары бойынша анықталуға тиіс.

11-бап

Осы Келісімді іске асыру барысында Тараптардың бір біріне жолдаған барлық құжаттары орыс тіліндегі аудармасымен мемлекеттік тілде табыс етіледі.

12-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру үшін:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі комитеті жауапты болып табылады.

Әзірбайжан Республикасында - Әзірбайжан Республикасының авторлық құқықтар жөніндегі Агенттігі (Әз. Р АҚА).

Тиісті органдардың ынтымақтастығының тәртібі мен шарттары олардың өзара арнайы келісімдерімен анықталады.

13-бап

Осы Келісімнің мәселелеріне байланысты немесе оның орындалуы бойынша келіспеушілік болған жағдайда, Тараптардың өкілдері тиісті кеңес өткізіп бұл келіспеушіліктерді реттеу үшін қажетті қызмет атқарады.

14-бап

Осы Келісім Тараптардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы басқа мемлекеттермен екі жақты және көп жақты ынтымақтастығына кедергі жасамайды.

15-бап

Осы Келісім күшіне ену үшін ішкі мемлекеттік ресімдердің орындалуы жөніндегі Тараптардың соңғы жазбаша ескерту берілген мерзімінен бастап күшіне енеді және бес жыл бойына күшінде болады.

Егер Тараптардың бірі Келісімнің күшін тоқтату туралы өз шешімін оның мерзімі аяқталудан алты ай бұрын жазбаша түрде екінші Тарапты ескертпесе, Келісімнің күші өз-өзінен келесі бесжылдық мерзімге ұзартылады.

1999 жылғы 22 қазанда Астана қаласында қазақ, әзірбайжан, орыс тілдерінде әрқайсысы түпнұсқалық екі данадан жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің қағидаларына түсінік беру мақсатында орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін